



№ 25.06.25 от 25.06.2025

**«Назарбаев Университеті»
дербес білім беру ұйымы
Басқарушы кеңесінің
2025 жылғы «25» маусымдағы
№ 25.06.25 шешімімен
бекітілді**

**«Nazarbayev University Research and Administration»
жеке мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

Астана қаласы, 2025 ж.



1-бап. Жалпы ережелер

1.1. «Nazarbayev University Research Administration» жеке мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

1.2. Мекеменің құрылтайшысы «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы, БСН 090740002542 (бұдан әрі — Құрылтайшы).

1.3. Толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Nazarbayev University Research Administration» жеке мекемесі;

орыс тілінде: Частное учреждение «Nazarbayev University Research Administration»;

ағылшын тілінде: «Nazarbayev University Research Administration» private institution.

Мекеме атауынан кейін «ЖМ» аббревиатурасын пайдалана отырып, мекеменің толық атауын қысқартуға жол беріледі.

Қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «NURA» ЖМ;

орыс тілінде: ЧУ «NURA»;

ағылшын тілінде: “NURA” PI.

1.4. Мекеменің орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Нұра ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 53-үй.

1.5. Мекеменің қызмет ету мерзімі шектелмеген.

2-бап. Мекеменің заңдық мәртебесі

2.1. Мекеме мемлекеттік тіркелген сәттен бастап құрылған болып саналады және заңды тұлға құқықтарына ие болады және жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді иеленіп, жүзеге асыра алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

2.2. Мекеме Құрылтайшының салалық ғылыми орталығы болып табылады.

2.3. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктерде шоттары, мемлекеттік, орыс және өзге де тілдерде өзінің атауы жазылған бланкілері, мөрлері мен мөртабандары болады.

2.4. Мекеме өз міндеттемелері бойынша өз иелігіндегі ақша арқылы жауапты болады. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған жағдайда, оның міндеттемелері бойынша Құрылтайшы жауапты болады.



3-бап. Мекеме қызметінің мақсаттары мен мәні

3.1. Мекеменің негізгі мақсаттары ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық (ғылыми-зерттеу қызметі, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер), білім беру, индустриалды-инновациялық және ғылыми-сервистік қызметті қамтитын ғылым, инновация мен білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ Құрылтайшыны және оның ұйымдарын техникалық оқу және ғылыми-зертханалық эксперименттік базамен қамтамасыз ету болып табылады.

3.2. Мекеме қызметінің мәні:

- 1) ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыру;
- 2) оқу, зерттеу және инновациялық инфрақұрылымды құруға, инновациялық өнім алуға бағытталған іс-шаралар кешенін ұйымдастыру;
- 3) Құрылтайшы мен Мекемені техникалық оқу және ғылыми-зертханалық эксперименттік базамен, оның ішінде тауарларды (жабдықтарды, шығыс материалдарын және т.б.), жұмыстарды, қызметтерді сатып алу жолымен жабдықтау және қамтамасыз ету;
- 4) ғылыми кадрларды, біліктілігі жоғары мамандар мен менеджерлерді даярлау және қайта даярлау;
- 5) жетекші халықаралық және ұлттық ғылыми-зерттеу орталықтарымен, жоғары оқу орындарымен және басқа ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу;
- 6) эксперименттік ғылыми және білім беру бағдарламаларын қоса алғанда, ғылым мен биомедицинаның әртүрлі салаларында оқу бағдарламалары мен оқу курстарын әзірлеу;
- 7) әзірленген ғылыми технологиялар мен шығармашылық және зияткерлік еңбек өнімдерін коммерцияландыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру;
- 8) Құрылтайшы және оның ұйымдарына ұсынылған ғылыми және инновациялық жобаларға ғылыми және ғылыми-техникалық гранттық өтінімдерді сараптауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру;
- 9) ғылым мен білім берудің нақты салаларында, оның ішінде халықаралық сарапшылар мен ұйымдарды тарта отырып, форумдар мен конференцияларды өткізу арқылы ғылыми ынтымақтастықты қалыптастыру және дамыту;
- 10) осы Жарғының 3.2-тармағында белгіленген Мекеме өкілеттігінің шегінде нормативтік құқықтық, әдістемелік және өзге де құжаттаманы әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- 11) Мекеме қызметінің мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және басқа ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;
- 12) Құрылтайшы және оның ұйымдары, мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдар бөлетін гранттарды басқару бойынша оператор функцияларын жүзеге асыру;
- 13) Құрылтайшының ғылыми гранттары мен жобаларын басқару және сүйемелдеу бойынша әкімшілік қолдау көрсету;
- 14) ғылыми-зерттеу қызметтерін, оның ішінде Мекеменің ғылыми зертханаларында ұйымдастыру және ұсыну;
- 15) инженерлік-техникалық қызметтерді ұйымдастыру және көрсету;



16) инновациялық өнімді, технологиялар мен қызметтерді алу мақсатында инновациялық жобаларды әзірлеу және іске асыру;

17) сыртқы инвесторлармен қатар, оның ішінде бірлескен жобалар мен компанияларға үлестік қатысу арқылы қызметте стартап-компанияларды құру және/немесе оларға қатысу;

18) ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыру және іске асыру;

19) сыртқы инвестицияларды инновациялық жобаларға тарту;

20) Мекеменің негізгі мақсаттары шеңберінде дизайн және прототиптеу бойынша қызметтерді көрсету;

21) Мекеменің негізгі мақсаттары шеңберінде консультациялық қызметтер көрсету;

22) Мекеменің негізгі мақсаттары шеңберінде келісімшарттық зерттеулерді жүзеге асыру;

23) «бір терезе» қағидаты бойынша инновациялық жобалар мен компанияларды қолдау үшін қызметтерді, оның ішінде бизнес-инкубациялау, патенттеу және зияткерлік меншік құқықтарын қорғау жөніндегі қызметтер аясын ұсыну;

24) Мекеменің негізгі мақсаттары шеңберінде PR-сүйемелдеу, имидждік өнім дизайны және оны жасау жөніндегі қызметтерді ұсыну;

25) тұжырымдамалық, бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды, бизнес-жоспарларды, техникалық-экономикалық және қаржылық-экономикалық негіздемелер әзірлеуді қамтитын қызметтерді ақысыз көрсету, сондай-ақ форумдарды, симпозиумдарды, конференцияларды, тренингтерді, семинарлар мен шеберлік сыныптарды әрі жергілікті және халықаралық деңгейдегі қоғамдық мәні бар өзге де іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

26) ғылыми және инновациялық қызметті насихаттау және танымал ету;

27) венчурлік қорлардың және басқа тәуекелділік қаржыландыру мекемелерінің қызметтеріне қатысу;

28) Мекеменің мақсаттарына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыру болып табылады.

3.3. Лицензиялауға жататын немесе аккредиттеуден өтуді талап ететін Мекеме қызметінің түрлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен талап етілетін лицензияларды немесе аккредиттеу туралы куәліктерді алғаннан кейін жүзеге асырылады.

4-бап. Мекеменің құқықтары мен міндеттері

4.1. Мекеме жарғылық мақсаттарға қол жеткізу үшін:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен банктерде шоттар ашуға;

2) Мекеменің толық атауы мемлекеттік, орыс және өзге де тілдерде жазылған мөрін, мөртабандары мен бланкілерін, сондай-ақ белгіленген тәртіппен тіркелген эмблемасын (символикасын) иеленуге;



3) жедел басқаруда немесе өзге де заңды негіздерде оқшауланған мүлікті, сондай-ақ Ұйымның қаражаты есебінен алынғандарын қоса алғанда, ақша қаражатын иеленуге;

4) мүліктік құқықтарды сатып алуға және жүзеге асыруға;

5) егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, басқа заңды тұлғаларды құруға немесе олардың жарғылық капиталдарына қатысуға;

6) филиалдар мен өкілдіктерді ашуға;

7) Мекеменің консультативтік-кеңесші органдарын құруға;

8) қолда бар қаражатты осы Жарғыда көзделген мақсаттарды жүзеге асыруға пайдалануға;

9) кәсіпкерлік қызметті осы Жарғыда көзделген мақсаттарға сәйкес жүзеге асыруға;

10) Мекемеге жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты сұратуға;

11) сотта талапкер және жауапкер болуға;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

4.2. Мекеме:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;

2) белгіленген тәртіппен салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Құрылтайшының есеп саясатына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізуге;

4) өзіне жедел басқару құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде бекітілген мүліктің есепке алынуын, түгенделуін, оның сақталуын, тиімді және мақсатты пайдаланылуын, сондай-ақ оны күтіп ұстауға арналған шығыстардың негізділігін қамтамасыз етуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауаптылықта болуға міндетті.

5-бап. Мекеменің басқару органдарының құрылымы, қалыптасу тәртібі және құзыреті

5.1. Мекеменің басқару органдары болып табылатындар:

1) жоғары басқару органы – Құрылтайшы;

2) байқаушы орган – Байқаушы кеңес;

3) атқарушы орган – Дирекция;

4) бақылау органы – Тексеруші (Тексеру комиссиясы).

6-бап. Құрылтайшы

6.1. Құрылтайшы Мекеменің жоғарғы басқару органы болып табылады.

6.2. Құрылтайшының құзыретіне мынадай мәселелер кіреді:



- 1) Мекеменің Жарғысын бекіту, оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу, сондай-ақ жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Мекемені ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату;
- 3) Мекеменің стратегиялық жоспарын, сондай-ақ оның орындалуы туралы есептерді бекіту;
- 4) Мекеменің жылдық бюджетін бекіту;
- 5) Мекеменің жылдық қаржылық есептілігін бекіту және оны Құрылтайшыға беру тәртібі мен кезеңділігін айқындау;
- 6) Мекеменің бақылау органының тексеру жүргізу тәртібін айқындау, оның нәтижелерін бекіту, сондай-ақ тексеру нәтижелерін үшінші тұлғаларға ұсынуды келісу;
- 7) Мекеменің Байқаушы кеңесі және бақылау органы туралы ережелерді бекіту;
- 8) Төрағаны қоса алғанда, Байқаушы кеңес мүшелерін тағайындау, өкілеттік мерзімдерін айқындау және өкілеттіктерді мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Байқаушы кеңестің сандық құрамын айқындау;
- 9) Байқаушы кеңестің тәуелсіз мүшелеріне сыйлықақы төлеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 10) Бас директорды лауазымға тағайындау және босату, оның ішінде мерзімінен бұрын босату, онымен еңбек шартын жасасу/тоқтату (бұзу), оның еңбегіне ақы төлеудің мөлшері мен шарттарын айқындау, оған сыйлықақы беру, көтермелеу, сондай-ақ тәртіптік жазаларды қолдану туралы шешімдер қабылдау;
- 11) Тексерушіні (Тексеру комиссиясының мүшелерін) тағайындау және босату, оның ішінде мерзімінен бұрын босату, оның (олардың) өкілеттік мерзімін, оның (олардың) еңбегіне ақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау, сыйлықақы беру, көтермелеу, сондай-ақ тәртіптік жазаларды қолдану туралы шешімдер қабылдау;
- 12) тиімділікті бағалау нәтижелері бойынша сыйлықақы мен көтермелеуді қоспағанда, Дирекция мүшелеріне сыйлықақы беру және көтермелеу туралы шешім қабылдау;
- 13) Мекемеге жедел басқаруға немесе өзге де заңды негіздерде берілген немесе Құрылтайшы бөлген қаражат есебінен сатып алынған мүлікке иелік ету құқығын 3 (үш) жылдан астам мерзімге айыруға әкеп соғатын мүлікті иеліктен шығару және оған өзгеше түрде билік ету туралы шешім қабылдау;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Құрылтайшының шешімдеріне сәйкес мүдделер қақтығысының болуын көздейтін мәмілелер бойынша шешім қабылдау;
- 15) Мекеменің штат санын және ұйымдық құрылымын бекіту;
- 16) Мекеменің кадрлық саясатын айқындау;
- 17) Құрылтайшымен немесе оның ұйымымен жасалатын мәмілені қоспағанда, Мекеменің 500 000 000 (бес жүз миллион) теңгеден астам сомаға тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға мәміле жасасуды мақұлдау;



18) мүлікті жедел басқару құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде Мекемеге бекітіп беру және оны алып қою;

19) Мекеменің басқа заңды тұлғаларды құруға қатысуы немесе олардың қызметі, сондай-ақ Мекеменің филиалдар мен өкілдіктер құруы туралы шешім қабылдау;

20) Мекеменің есеп саясатын бекіту;

21) Мекеме көрсететін қызметтерді ұсыну тәртібін бекіту;

22) Мекеменің әкімшілік шығыстарының лимиттері мен нормаларын бекіту;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе осы Жарғыға сәйкес өзге де шешімдерді қабылдау.

6.3. Құрылтайшы Мекеменің басқару органдары құзыретінің бөлінуіне қарамастан, Мекеменің қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауға қабылдауға құқылы.

6.4. Құрылтайшы Мекеменің қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

7-бап. Байқаушы кеңес

7.1. Байқаушы кеңес осы Жарғыға, Байқаушы кеңес туралы ережеге және Құрылтайшының шешімдеріне сәйкес өз функцияларын жүзеге асыратын, Мекеменің құрылтайшысына тікелей есеп беретін Мекеменің алқалы байқаушы органы болып табылады.

7.2. Байқаушы кеңестің мүшелері Мекеменің жарғылық қызметін іске асыруға жәрдемдесу мақсатында мемлекеттік билік органдарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, халықаралық және өзге де ұйымдарды қоса алғанда, Мекеменің үшінші тұлғалармен өзара іс-әрекетін қамтамасыз етуге қатысады, сонымен қатар Мекемені дамытудың басым бағдарламалары мен жобаларын іске асыруға, сондай-ақ оның материалдық-техникалық базасын жетілдіруге бағытталған қаражат пен гранттарды, демеушілік және қайырымдылық көмекті, ерікті қайырымдылықтарды тартуға белсенді қатысады.

7.3. Байқаушы кеңес мүшелерінің қызмет тәртібі, құрамы, тағайындалуы және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату осы Жарғымен, сондай-ақ Құрылтайшы бекітетін Байқаушы кеңес туралы ережемен реттеледі.

7.4. Байқаушы кеңес Төрағаны қоса алғанда, кемінде 3 (үш) мүшеден тұруы тиіс.

7.5. Егер Құрылтайшы өзгеше белгілемесе, Байқаушы кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі 3 (үш) жылды құрайды.

7.6. Байқаушы кеңесінің отырысы, егер оған Байқаушы кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы (кворум) қатысқан жағдайда, өткізілген болып есептеледі. Байқаушы кеңестің шешімдері отырысқа қатысып отырған мүшелердің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Байқаушы кеңестің Төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

7.7. Байқаушы кеңестің құзыретіне мыналар жатады:



1) атқарушы органның Жарғыға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы, сондай-ақ Жарғыны жаңа редакцияда бекіту туралы ұсыныстарын мақұлдау;

2) Мекеменің Стратегиялық жоспарының жобасын және оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізу жөніндегі ұсыныстарды келісу;

3) Мекеменің жылдық бюджетінің атқарылуы туралы жартыжылдық қорытындылары бойынша есептерді бекіту;

4) Мекеменің жылдық қаржылық есептілігін қарау және назарға алу;

5) Мекеме қызметінің бағыттары бойынша Құрылтайшының стратегиялық құжаттарына ұсыныстар енгізу;

6) Құрылтайшымен немесе оның ұйымымен жасалатын мәмілені қоспағанда, Мекеменің 250 000 000 (екі жүз елу миллион) теңгеден астам сомаға тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға мәміле жасасуды мақұлдау;

7) Мекеме қызметінен алынған өзге де кірістерді пайдалану тәртібін айқындау;

8) Мекеменің атқарушы органы туралы ережені бекіту;

9) Бас директорды қоспағанда, атқарушы орган мүшелерін лауазымға тағайындау, оның ішінде мерзімінен бұрын және қызметтен босату, олардың еңбегіне ақы төлеудің мөлшері мен шарттарын айқындау, тиімділікті бағалау, көтермелеу, сондай-ақ оларға тәртіптік жазаларды қолдану нәтижелері бойынша оларға сыйлықақы беру туралы шешімдер қабылдау;

10) Мекеменің ұйымдық құрылымын бекіту;

11) Мекемеде бақылау органдары жүргізетін тексерулердің нәтижелерін қарау, олар бойынша ұсыныстар/ұсынымдар әзірлеу;

12) осы Жарғыда, Байқаушы кеңес туралы ережеде, сондай-ақ Құрылтайшының шешімдерінде айқындалған өзге де өкілеттіктер.

7.8. Байқаушы кеңестің Құрылтайшының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

8-бап. Дирекция

8.1. Дирекция Мекеменің ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын, осы Жарғыда және Мекеменің өзге де ішкі құжаттарында Мекеме Құрылтайшысының, Байқаушы кеңестің немесе Бас директорының құзыретіне жатқызылмаған Мекеме қызметінің кез келген мәселелері бойынша Мекеменің ішкі құжаттарын қабылдайтын және бекітетін Мекеменің алқалы атқарушы органы болып табылады.

8.2. Дирекция Мекеменің Құрылтайшысы мен Байқаушы кеңесінің шешімдерін орындайды, Құрылтайшыға және Байқаушы кеңеске есеп береді және олардың алдында өзіне жүктелген міндеттердің орындалуы үшін жауапты болады.

8.3. Құрылтайшының шешімімен тағайындалатын және қызметтен босатылатын Мекеменің Бас директоры, сондай-ақ оның орынбасарлары



және/немесе бақылаушы органның шешімімен тағайындалатын Мекеменің өзге де лауазымды адамдары Дирекция мүшелері болып табылады.

8.4. Дирекцияның сандық құрамы кемінде 3 (үш) және 5 (бес) мүшеден аспайды. Егер Құрылтайшы өзгеше белгілемесе, Дирекция мүшелерінің өкілеттік мерзімі 3 (үш) жылды құрайды.

8.5. Дирекцияның отырысы, егер оған Дирекция мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы (кворум) қатысса, өткізілген болып есептеледі. Дирекцияның шешімдері отырысқа қатысып отырған мүшелердің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Дирекцияның Төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

8.6. Дирекция мүшелерінің құқықтары мен міндеттері қолданыстағы заңнамада, осы Жарғыда, Дирекция туралы ережеде, сондай-ақ олардың әрқайсысымен жасалатын еңбек шарттарында айқындалады.

8.7. Бас директор Дирекцияның Басшысы болып табылады, Дирекция отырыстарында төрағалық етеді, осы Жарғыда белгіленген Мекеме қызметінің мақсаттарына сәйкес Мекеме қызметінің сапасы мен тиімділігі үшін жауапты болады.

8.8. Дирекцияның қызметі мен отырысын өткізу тәртібі Байқаушы кеңес бекітетін Дирекция туралы ережемен айқындалады.

8.9. Дирекцияның Төрағасы мен мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді орындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз әрекеттерімен немесе әрекетсіздігімен Мекемеге келтірілген залал үшін жауапты болады.

8.10. Дирекцияның құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Құрылтайшы мен Байқаушы кеңестің шешімдерін орындауды ұйымдастыру;

2) Құрылтайшыға және Байқаушы кеңеске Мекеменің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, сондай-ақ оны жаңа редакцияда бекіту туралы ұсыныстар енгізу;

3) Байқаушы кеңес пен Құрылтайшының қарауына кейіннен шығару үшін Мекеме қызметінің бағыттары бойынша Құрылтайшының стратегиялық құжаттарына ұсыныстар әзірлеу;

4) 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге иеліктен шығаруға немесе оған иелік ету құқығынан айыруға әкеп соқпайтын Мекеменің мүлкіне (негізгі құралдарға) иелік ету;

5) 3 (үш) (бір) жылдан астам мерзімге иеліктен шығаруға немесе оған иелік ету құқығын айыруға әкеп соғатын Мекеменің мүлкіне иелік ету жөнінде ұсыныстар енгізу;

6) Мекеме жұмыскерлерімен еңбек қатынастарын регламенттейтін ішкі құжатты бекіту;

7) Мекеменің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекіту;

8) Мекеменің Құрылтайшысы бекіткен штат саны мен бюджеті шегінде Мекеменің штат кестесін бекіту;



9) бекітілуі Құрылтайшының немесе Мекеменің Байқаушы кеңесінің құзыретіне жатқызылған құжаттарды қоспағанда, Мекеменің ішкі құжаттарын бекіту;

10) Мекеменің жарғылық мақсаттарын іске асыру үшін гранттар, демеушілік және қайырымдылық көмек, сондай-ақ ерікті қайырымалдықтар қаражатын тарту тәртібін бекіту;

11) Құрылтайшыға заңды тұлғалар құру туралы немесе Мекеменің заңды тұлғалардың қызметіне қатысуы туралы ұсыныстар енгізу;

12) Құрылтайшыға Мекеменің филиалдарын, өкілдіктерін құру немесе жабу туралы ұсыныстар енгізу;

13) Мекеме құрған заңды тұлғалар қызметінің мәселелері бойынша жоғары басқарушы органның / акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) / қатысушылардың (жалғыз қатысушының) жиналысының / осы заңды тұлғалардың құрылтайшысының құзыретіне жататын шешімдер қабылдау;

14) осы Жарғыда, Құрылтайшының шешімдерінде және Мекеменің ішкі құжаттарында айқындалған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

8.11. Дирекция өз өкілеттіктерін Мекеменің Бас директорына және/немесе Дирекция мүшелеріне беруге құқылы.

9-бөлім. Бас директор

9.1. Бас директор Мекеменің бірінші басшысы болып табылады және Дирекцияны басқарады.

9.2. Бас директор:

1) осы Жарғыда белгіленген Мекеме қызметінің мақсаттарына сәйкес Мекеме қызметінің сапасына, ашықтығына және тиімділігіне;

2) мүдделер қақтығысын реттейтін Университеттің ішкі құжатына сәйкес мәмілелер жасасу, жұмыскерлерді жалдау, сатып алулар және басқа да басқарушылық шешімдер кезінде ықтимал және/немесе нақты мүдделер қақтығыстарын ашып көрсетуге;

3) шешімдерді іске асыруды, Мекеменің ағымдағы қызметі мен стратегиялық даму мәселелерін қоса алғанда, Мекеменің Құрылтайшымен жүйелі, жедел және тиімді өзара іс-әрекетін қамтамасыз етуге, ақпаратты үнемі ұсынуға, тапсырмаларды орындауға, кеңестерге және Мекеменің қызметі шегінде кері байланыстың басқа да нысандарына қатысуға жауапты.

9.3. Бас директор Дирекция отырыстарына төрағалық етеді және оның қызметін ұйымдастырады, сондай-ақ Мекеменің ағымдағы әкімшілік мәселелері бойынша басқаруды жүзеге асырады.

9.4. Бас директор Құрылтайшының шешімімен тағайындалады және қызметінен босатылады. Бас директор Құрылтайшыға тікелей бағынады және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, осы Жарғыға және онымен жасалған еңбек шартына сәйкес Мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.



9.5. Егер Құрылтайшының шешімімен өзгеше белгіленбесе, Бас директордың өкілеттік мерзімі 3 (үш) жылды құрайды.

9.6. Мекеменің Бас директоры Мекеме жұмыскерлерімен жасалатын еңбек шарттарына қол қояды.

9.7. Бас директор мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Дирекцияны басқарады, оның отырыстарын шақырады және Мекеменің Дирекция туралы ережесіне сәйкес оның жұмысын ұйымдастырады;

2) Құрылтайшының, Байқаушы кеңестің, Дирекцияның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) Мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін үйлестіреді және бақылауды жүзеге асырады;

4) стратегиялық бастамалар мен жобаларды, даму жоспарларын әзірлеуді және іске асыруды, сондай-ақ Мекеменің қызметі шеңберінде Құрылтайшы бекіткен стратегиялық жоспардың орындалуын бақылауды қоса алғанда, стратегиялық мәселелер бойынша жұмысты ұйымдастырады және үйлестіреді;

5) осы Жарғыда, Дирекция туралы ережеде, Мекеменің ішкі құжаттарында, сондай-ақ Мекемені басқару органдарының арасында өкілеттіктердің бөлінуін ескере отырып белгіленген өз құзыреті шегінде Мекеменің қызметін стратегиялық жоспарлау, тәуекелдерді басқару, құқықтық мәселелер және өзге де бағыттар бөлігінде Мекеменің қызметіне жетекшілік етеді;

6) Құрылтайшымен келісім бойынша бас бухгалтерді тағайындайды, қызметтен босатады және оның еңбегіне ақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындайды;

7) Бас бухгалтерге қатысты сыйлықақы беру, көтермелеу, сондай-ақ тәртіптік жазаларды қолдану туралы шешім қабылдайды;

8) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Мекеменің атынан сенімхатсыз әрекет етеді, шарттар жасасады;

9) барлық ұйымдар мен мемлекеттік органдарда Мекеменің мүдделерін білдіреді;

10) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Мекеменің атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

11) банк шоттарын ашады;

12) Мекеме жұмыскерлерін қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады, еңбекақы төлеу шарттарын айқындайды, сондай-ақ көтермелеу және тәртіптік жаза қолдану шаралары Құрылтайшының немесе Байқаушы кеңестің құзыретіне жатқызылған жұмыскерлерді қоспағанда, белгіленген тәртіппен оларға тәртіптік жаза қолданады;

13) Мекеме жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

14) өзі болмаған жағдайда, міндеттерін орындауды Мекеме Дирекциясы мүшелерінің біріне жүктейді;

15) Мекеменің барлық жұмыскерлері орындауға міндетті бұйрықтарды шығарады және нұсқаулар береді, Мекеменің құзыретіне жатқызылған өзге де ішкі құжаттарды бекітеді;



16) осы Жарғыда, Құрылтайшының шешімдерінде айқындалған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

10-бап. Тексеруші (тексеру комиссиясы)

10.1. Бақылау органы Құрылтайшыға тікелей есепті және өзінің жұмысы туралы есеп береді.

10.2. Бақылау органының құзыреті, жұмыс тәртібі және жауапкершілігі Мекеменің тиісті ішкі құжаттарымен реттеледі.

10.3. Тексеруші (тексеру комиссиясының мүшелері) кемінде 1 (бір) жыл мерзімге тағайындалады және Құрылтайшының шешімімен қызметтен босатылады.

10.4. Тексерушінің (тексеру комиссиясы мүшелерінің) лауазымдық жалақысының мөлшерін, сондай-ақ оның (олардың) еңбегіне ақы төлеу, сыйлықақы беру, көтермелеу және тәртіптік жаза қолдану шарттарын Құрылтайшы айқындайды.

10.5. Тексеруші (тексеру комиссиясы) жүргізетін тексерулердің нәтижелері құпия болып табылады және үшінші тұлғаларға оның Құрылтайшысының шешімі негізінде ғана ашылады.

11-бөлім. Мекеменің мүлкін қалыптастыру көздері

11.1. Мекеменің мүлкін ақшалай және өзге де нысандарда қалыптастыру көздері:

1) Мекеменің бюджеті негізінде Құрылтайшыдан түсетін түсімдер, мүлікті жедел басқаруға беру;

2) осы Жарғыда көзделген мақсаттарға сәйкес қызметті жүзеге асыру кезінде алынатын кірістер;

3) заңды және жеке тұлғалардың (оның ішінде шетелдік) ерікті жарналары (қайырымдылықтар, демеушілік көмек, қайырымдылық көмек);

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздерден алынатын қаражат.

11.2. Мекеменің мүлкін Құрылтайшы алып қоя алады.

11.3. Мекеме өз қызметінің мақсаттарына, Құрылтайшының тапсырмаларына және мүліктің мақсатына сәйкес мүлікті иелену, пайдалану және оған иелік ету құқығын жүзеге асырады.

12-бөлім. Мекеменің филиалдары мен өкілдіктері

12.1. Мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында филиалдар құрып, өкілдіктер аша алады.

13-бөлім. Мекеменің қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шарттары



13.1. Мекемені қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу және қайта құру) және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

13.2. Мекемені мәжбүрлеп тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда сот арқылы жүзеге асырылады.

13.3. Мекемені тарату туралы шешім қабылдаған Құрылтайшы немесе орган тарату комиссиясын тағайындайды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Мекемені тарату тәртібі мен мерзімдерін белгілейді.

13.4. Уәкілетті орган заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеліміне тиісті мәліметтерді енгізгеннен кейін Мекемені тарату аяқталды деп есептеледі.

13.5. Мекеме таратылған жағдайда, несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған Мекеменің мүлкі оның Құрылтайшысына қайтарылады.

14-бөлім. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

14.1. Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

14.2. Мекеменің қайта тіркелуіне әкеп соғатын осы Жарғыға енгізілген өзгерістер әділет органдарында мемлекеттік тіркелуге жатады.

14.3. Осы Жарғыға өзге де өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, Мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеуші органға хабарлайды.

15-бөлім. Қорытынды ережелер

15.1. Осы Жарғымен реттелмеген барлық жағдайларда Мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

15.2. Осы Жарғы қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

15.3. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Құрылтайшының атынан және оның тапсырмасы бойынша

Джумабеков Асанбай Құдайбергенұлы, «Nazarbayev University Research Administration» жеке мекемесінің Бас директоры